

УДК 631.2

ҚАЗІРГІ АУЫЛ ОРТАСЫНА СӘУЛЕТТІК-ЖОСПАРЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Изимова Салтанат Изимқызы

saltuwka@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Арынов Қ.Қ.

Қазіргі қалыптасқан технологиялық заманда қала дамуы көрінісіне көп назар берілуде. Әрине, негізгі миллионды қаланың тұрғын жерінің ыңғайлы болуын ойлауменнен, дамушы аграрлы елге кезек күттірмейтін мәселені кейінге қалдыруға болмайды. Қазақстан, агроөнеркәсіпті ел үшін ауылдық ортаны жүйелі түрде қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Кең далалы, құнарлы топырағымен танымал тарихи жеріміз, ата-бабаларымыздан қалған шаруашылық түрлерін өркендету қазақтың өмір салтының бөлігі. Сондықтан, өңірдің орналасуына сай аймақтық шаруашылық түрлерінің дамыту арқылы басқа салалармен өзара тығыз байланысты жалғастырып, еліміздің экономикалық, экологиялық, әлеуметтік жағдай жүйелеріне оңды әсерін тигізумен арақатынасты өркендету.

Осы жолды қалыптастыруға ауыл ортасының сәулеттік жүйесін дамытуға осы мақалада қарастырылатын негізгі тақырып [5]. Айта кетсек, жер ақылмен игеріліп ауыл тұрмысы байыса, ел одан әрі көркейеді деген қағидаға келеміз. XXғ. қалыптасқан ауылдың сәулеттік тұрпатын өзгерту жолымен, ауылдың қоныстануына адамдардың қызығушылығын арттыру мақсат болып табылады (Сурет-1).

Еліміздің дамуы үрдісінің басым бағыты ауыл шаруашылық саласында. 2019 жылы айтылған жаңа мемлекеттік жоба «Ауыл-ел бесігі» атты жұмысы ісін бастады. Соған орай, әрі айтылған факторлар мен аспектілерге байланысты ауылы тақырыбының өзекті мәселелері ретінде қарастырады. Бұл жобаның бастамасы 2020-2026 жылдар аралығында іске асатын СМІ ақпарат көздері мен ғаламтор желісінде мәлімдеді. Демек, қазақ елінде ауыл тақырыбын маңызды даму мәселесінің шешу жолдарын қолға алуда. Негізгі ой-түйінінің шығу тегі бұл – қазақ еліне ауыл сәулетінің керектігі. Тарихқа жүгінетін болсақ, әуелгі дәуірден бері қалыптасқан мал шаруашылығы сүт, ет, тері өндеу, егін т.б. ауыл шаруашылықтары мәдени, тарихи, рухани және салт-дәстүрімізді қамтитын ұлт жәдігері десек болады. Сондықтан, осындай руханиаттарды жоғалтпай, бар мәселелерге қайта жаңа көзқараспен қарап, қазіргі заманның өзгерістері мен сұраныстарына сай ауылдың сәулеттік шешімін табу, сәулеттік жүйе құру шешім болып табылады[4].




Сурет-1

XXI ғасыр бастамасында ауыл дамуына мән беріліп, бағдарламалар енгізілген болатын. Қазіргі ауыл шаруашылық егемендік алуымыздан бері салыстармалы түрде, жақсы өзгерістер орын алуда.

Далалы жұмыстарды жоғарғы технологиялы импорттық техника іс атқаруда. Алайда, аталмыш сәулеттік мәселелер әлі күнге дейін орын алуда. Бұл, ауыл өнеркәсібінің дамуымен де, ауыл ортасының сәулеттік-кеңістікті шешімінің жүйелі түрде жоспарланбауы мәселесімен тығыз байланысты. Қазірде еліміздің кейбір үздік ауылдардың жүйелі түрде өмір салтын сақтап, ауыл шаруашылығын дамытып класстерлік тәсілмен ауылдан тыс елді-мекендерге, жақын қалаларға өзара экспорттау жолымен дамып келеді. Отандық өндірісте аналогтарға қарайтын болсақ, мәселен, Қызылорда облысындағы Нағи атындағы ауылы(Сурет-2). Орналасуы: Қызылорда облысы, сырдарья районы, Ильясов атындағы ауыл округы. Ауыл тұрғыны: 2217 адам. Көрсетілген елді мекеннің бас жоспарын талдау жүргізсек, түзу сызықты жинақы орналасқан кварталды жүйелі сызбаны көреміз (Сурет-3). Сәулеттік ансамблінің негізгі жоспарлы шешімін тұрғын секторы алып тұрғанын көреміз. Демек, берілген ауылдың негізгі факторы болып ауыл тұрғындарының мамыражайлы өміріне мән берілгенін айтамыз. Қоғамдық ғимараттарының орналасуы орталық бөлігін алып жатыр, әрі білім беру, спорттық кешендері, тұрғын үйлерге қолжетімді 500м қашықта жатқаны өте ыңғайлы ойластырылған шешім. Орталық серуендеу алаңы, елді мекеннің кіре берісінің келбеті ретінді маңызды рөлін ойнайды. Ал өндірістік секторының орналасуы, жел раушаны

бойынша солтүстік-шығыс бағытында болғандықтан, өндірістік кешендері бас жоспардың дұрыс орналасуында [6].



Сурет-2



Сурет-3

Нағи Илиясов атындағы ауыл өнеркәсібі егін шаруашылығында, күріш өсіру саласын дамытумен осындай сәулеттік жүйемен ауыл тұрмысын көтерді. Көгалдандыру, көлік және жаяу жүргінші жолдарының орнықты болуы, көлемді-кеңістікті ғимараттардың қатыстылығы бір-біріне біркелкі айқынды жүйеде. Ауылға қарап әр түрлі бөліктердің бір бүтін бөлікке байланысы нақты форманы құрайды. Оның мағынасымен, сипатын және тағайындалуына байланысты әр сектордың өз орынында үйлесімді тұрғанын байқаймыз. Бұл архитектуралық форманың маңызды ұйымдастыру элементі, туындысы гармоникалық бірлік және бүтіндік береді. Компоненттердің бір-біріне бағынышты, реттілікпен көшелердің тәртіппен орналасуын көреміз[1].

<p>Сурет-4</p>	<p>Сурет-5</p>

Келесі қарастыру нысанымыз, Нұр-Сұлтан қаласынынан 70км шақырымда орналасқан Родина ауылы. Ақмола облысы, Целиноград ауданда, ауыл тұрғыны: 1800 адамды құрайды. Жел раушанымен оңтүстік-батыс, батыс желдері басым болғандықтан, кешеннен бөлінетін артық иіспен түтіннің ауылды жерге зақым келтірмеу мақсатында ауылдың заводы бас жоспарда дұрыс орналасқанын көреміз (Сурет-4). Берілген Родина атты елді-мекеннің шаруашылық сүт өнімімен және мал шаруашылығымен жалғасын табады. Қысқаша тарихын айта кетсек, 2007 жылы неміс мамандары зауыттың жұмыс істеуіне техникамен жабдықтап, ірі қараның голштинді-фризді 752 бас малды Канадан әкелген. Қазірде осы шаруашлықтан астана күніне 25тонна сүт өнімін пайдаланады. 2012 жылы зауыт өз шекараларын кеңейтіп өнімділігін арттырған[2].

Ауыл ортасының тұрғын және қоғамдық зонасы жақсы орналасқан, әлбетте жоғары аталған мысалдай бір бүтін бөліктей үйлесімді орналаспауы сәулеттік жүйенің болмауын

көрсетеді. Бұл мәселе, жаңа сәулеттік жүйе енгізумен қатар, бар ауылды дамыту немесе ауыл көлемін үлкейту шешіміне жүгінуге болады.

Атырау облысында орналасқан, Махамбет ауданы, Бейбарыс ауылының Первомайский сүт зауыты орналасқан (Сурет-5). Кіші кәсіпкерліктен бастап, қазіргі күнге дейін Атырау қаласын сүт өнімімен қамтамасыздандыруда. Ауыл ортасының реттілік деңгейіне қарастыратын болсақ, тұрғын секторы кварталды және негізгі көшелері түзу сызықпен орналасса да ауылдың өнеркәсіп кешенімен бір үндестікте болмауын сызбадан көреміз. Демек, ауыл тарихи жағдайда өзіндік шаруашылығын дамытумен қатар, өзіндік өнім беруі артса да, сәулеттік перспективаға сәулеттік жүйенің керектігін айтады. Берілген елді мекен орналасуы, стихиялық түрде дамып, жалғасын мал шаруашылығын дамытумен қарастыратын нысан деп айтуға болады. Сондықтан, еліміздің үздік деген ауылдарымыздың жағдайына қарай, басқа елді мекендердің ауыл ортасының орташа деңгейінде орналасуын талдайды. Демек, сәулеттік жүйені енгізумен болашақта жоғарыда айтылған ауыл түрлерінің деңгейіне көп елді мекендер қол жеткізсе, осындай үздік ауылды жерлердің болуы сөзсіз күтілуіде деп болжам жасауға болады. Ол үшін ауыл шаруашылығын дамыту жолында біріншіден, ауыл тұрғындарына жағдай ауыл ортасының жағдайын жасап, өзіндік шаруашылығына жол салу арқылы болады деп талданады.

Қазақстан жерінің аудандарының Оңтүстік, Батыс, Солтүстік және Шығыс, Орталық Қазақстан шаруашылығын қарастырсақ, әр аймақ өзінің орналасуына қарай айналасатын шаруашылығы әр түрлі. Оңтүстік Қазақстанға Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары жатады. Ірі қалалары – Алматы, Шымкент, Тараз, Қызылорда, Талдықорған [7]. Жерінде егін шаруашылығы және өсімдік шаруашылығымен айналасады. Жер құнарлығы мен орналасуына қарай жүгері, арпа, жеміс-жидек, жүзім өсіру шаруашылығы бар. Қызылорда өңірінде күріш, Жамбыл аймағында қызылша өндірумен айналасады. Батыс Қазақстан құрамына Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау және Ақтөбе облыстары. Агроклиматтық жағдайының күрделілігіне қарамастан ауыл шаруашылық жетекші салаларының бірі – мал шаруашылығы. «Ауданның солтүстігінде жаздық бидай егіледі және ірі қара өсіріледі. Оңтүстік аймақтарында судың жетіспеуінен егіншілікпен айналысу шектеулі түрде ғана, сондықтан да түйе және қой шаруашылығын дамыту тиімді. Егіншіліктің жалпы ауданы бар-жоғы 3%, оған дәнді дақылдардан жаздық бидай, тары, қара бидай, техникалық дақылдардан - күнбағыс, жүгері және қыша егіледі» [8]. Солтүстік Қазақстан еліміздің ең астықты ауданы. Қара топырақты жерлердің мол болуы егін шаруашылығы дамуына игі әсерін тигізеді. Негізгі маманданған саласы егістіктің жердің 80%-ы – жаздық бидай өсіру. Басқа да, сұлы арпа, күздік бидай және қарақұмық пісіріледі. Ал Орталық Қазақстанда дамыған ауыл шаруашылық негізі бидай, арпа, тары; сонымен бірге, ірі қара, жылқы, қой өсіріледі. Ауданның оңтүстігіндегі жерлер тек қана мал жайылымына жарамд. Әсіресе қой бағылады. Орталық Қазақстан ауыл шаруашылық өнімдерімен өзін-өзі толық қамтамасыз ете алмағандықтан сырттан әкеледі. Сонымен қатар, қай Қазақстанның қай аймағын алсақта ет-сүт өнімдері, мал шаруашылығы кең дамыған. Аталған бағытпен таныстырылып кеткен мәліметке сүйене отырып, еліміздің ауыл шаруашылығын немесе агро өнеркәсібін дамытып, байлығымызды жойып алмау міндетіміз [9].

Ауыл шаруашылық дамуының жаңа құрылымдарының негізгі бағыттары: ескі колхоз және совхоздардың қайта ұйымдастыру, жеке ұйымдарды көбейту және оны әрі мемлекеттің қатысуымен қаржыландырудың болуы. Ауылдың түрлеріне қарай оның бірі жеке отбасылық шаруашылықтың келешекте өсуін болжамдаумен қатар қол өнер, сүт, құс, ет өнімдерін дамыту мақсатымен жаңа қоныстану типтерін орналастыру. Болашақта еліміздің жергілікті өнімдерімен халықты дайын өніммен, жұмыс орындарын көбейтумен, жаңа архитектуралық бағыттың дамуын қамтамасыздандыру – негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Новиков В.А. Архитектурная организация сельской среды. – М.: Архитектура-С, 2006, 375 с.
2. <https://yvision.kz/post/381958> - Аул Родина - островок социализма в 70 км от Астаны
3. В.П.Куприяновский, Ю.П.Липунцов, О.В. Гринько, Д.Е.Намиот Агрокультура 4.0: синергия системы - систем, онтологии, интернета вещей и космических технологи // International Journal of Open Information Technologies ISSN: 2307-8162 vol. 6, no.10, 2018
4. Староверова Г.С., Медведев А.Ю. Сельская территория как среда обитания и сфера жизнедеятельности человека // Аграрная политика и развитие АПК. Проблемы развития территории вып. 5 (73)
5. <https://izdatelstvo-sk.kz/news/za-gody-nezavisimosti-selskoe-hozyajstvo-kazahstana-silno-izmenilos> - За годы независимости сельское хозяйство Казахстана сильно изменилось
6. <https://world-weather.ru/archive/kazakhstan/kyzylorda/>
7. https://kk.wikipedia.org/wiki/Орталық_Қазақстан
8. https://kk.wikipedia.org/wiki/Батыс_Қазақстан
9. https://kk.wikipedia.org/wiki/Солтүстік_Қазақстан